Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

# “Жас ұлан”– өскелең ұрпақтың игі істерінің бастауы

(библиографиялық жадынама)



“Жас ұлан” Арқалық қалалық балалар ұйымының құрылғанына 30 жыл

2025

Арқалық қаласы

Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

# "Жас ұлан" – өскелең ұрпақтың игі істерінің бастауы

(библиографиялық жадынама)

ӘОЖ 374
ҚБЖ 74.200
Ж 33

**Құрастырушы:** М.Г.Жумагалиева
**Шығарылымға жауапты:** Ж.К.Абжанова
**Мұқабаны безендірген:** М.Г.Жумагалиева
**Редактор:** С.А.Алматова

« «Жас ұлан» – өскелең ұрпақтың игі істерінің бастауы» [Мәтін] : [ «Жас ұлан» Арқалық қалалық балалар ұйымының құрылғанына 30 жыл толуына арналған]: библиографиялық жадынама /Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі; [құраст.: М.Г.Жумагалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Арқалық қалалық «Жас ұлан» балалар ұйымының құрылғанына 30 жыл толуына орай библиографиялық жадынама дайындады.

Шағын жадынамада осы орталық жайлы қысқаша мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 374
ҚБЖ 74. 200
Ж 33
© М.Г.Жумагалиева

## Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы «Жас ұлан» жасөспірімдер орталығы – өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды тәрбие ордасы. Орталық өз қызметінде жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуына, азаматтық жауапкершілігін арттыруға, елжандылық пен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ерекше мән береді. «Жас ұлан» орталығы түрлі үйірмелер мен қоғамдық–мәдени шаралар арқылы балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың қабілеті мен қызығушылығын дамытуға жағдай жасайды. Ұйым қызметі білім беру мекемелерімен, мәдениет және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Осы жадынама Арқалық қаласындағы «Жас ұлан» жасөспірімдер орталығының қызмет бағыты, тарихы мен жетістіктері жөнінде қысқаша мәлімет беруді мақсат етеді және көпшілік оқырманға, педагогтер мен жас буынға арналған.



**«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы**

Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында жастардың бойында патриоттық тәрбие қалыптастыра отырып, өткен тарихқа зер салу және қазіргі сахна тарихындағы ұлы тұлғалардың ерліктерін насихаттау бағытында жұмыс жасап жүрген қаламыздағы бірегей мектептен тыс мекемелердің бірі – Арқалық қаласындағы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы.

Бұл орталықтың ашылған уақыты 1988 жыл. «Жас ұлан» балалар орталығы жүргізетін қызметтерінің негізгі түрлері балалардың қоғамдық даму құқығын қорғау қайырымдылық пен қажетті ісіне тәрбиелеуге жұмылдыру.

Арқалық қалалық «Жас ұлан» балалар ұйымы – балалар мен ересектердің одағы.

Өзінің рәмізі бар – ол жасыл түсті галстук, таңбасы мен әнұраны және туы.

Ұйымның ұраны: «Отан үшін, әділдік пен қайырымдылық»

Жұмыс шаралары:

1. Шоу программа «Пародист – коктейль»
2. Вокальдық солистер сайысы «Соло +»
3. «Балдәурен» би клубы
4. «Пандора», «Фэнтази» сәндік киім үлгілері
5. «Жас суретшілер» клубы
6. Әзіл-сықақ «Күлегеш», «Айтыс» мектеп оқушылар арасында
7. «Көңілді тапқырлар» сайысы
8. «Ақындар мен жазушылар» сайысы

9. «Сәлем» шоу бағдарламасы, жүргізушілер сайысы, «Көркемдік оқу» сайыстары
10. Театр және драматургтар ұжымдарының сайысы. Жалпы орталық «Ғасыр туындысы» («Стиль века») бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді.

Алғаш рет 1995 жылы 16 желтоқсанда «Жас ұлан» қатарына 16 бала қабылданды. Содан бері Жасұландар қатары жылдан жылға толығып, жалпы саны бүгінде 8000-ға жетті.

«Жас ұлан» орталығында спорт зал,бассейн, тренажер залдары жұмыс жасайды.

Құрылған күннен бастап байдаркада есуден Тиунов С. Н. Өз шәкірттерін тәрбиелеген. Олардың ішінен Бежнар Олег – спорт шебері, тағы басқа да бірнеше сайыстардың жүлдегерлерін атап айтуға болады. Каратэ секциясы да жұмыс жасаған. Тренер Қазбеков Ж. – білімі жоғары спорт шебері. Ол қазір қаламызда жасөспірімдерді тәрбиелеп отыр. Ол кісі Махлаков Андрейдің ұстазы болып табылады.

Сонымен қатар «Үстел тенисі» және «Баскетбол» спорт отаулары жұмыс жүргізеді. «Үстел тенисі» спорттық отауы 3 жылдан бері жұмыс жүргізуде.

Жетекшісі Рахимова Жұлдыз – спорт шеберіне кандидат. Қалалық «Бұрқасын – 2030» қысқы спортакиадасында қалалық білім беру бөлімінің «Үстел тенисі» командасында 1-орынға ие болды. «Баскетбол» спорт отауы жетекшісі.

Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында өткізілген «Соло +» байқауының жүлдегерлері бүгінде үлкен оқу орындарында дәріс алып, білімдерін тереңдетуде. Атап айтар болсақ Байғожин Сүндет «Соло+» байқауының 2000 жылғы жеңімпазы, бүгінде Астана қаласындағы Күләш Байсейітова атындағы өнер академиясының 4-курс студенті.

Сондай-ақ «Балдәурен» би клубының мүшесі Тенбаев Арман атақты биші хореограф Астана қаласында би саласында қызмет етуде.

«Фэнтази» сән үлгілерінің бүгінде барлық қала мектептерінде 300-ге жуық түрлі жинағы бар. Бұл «Фэнтази» клубының қол жеткізген еңбегі. Сәндік әсем шляпалардан бастап, көйлек, юбка, кофта, шапан, аяқ киім, сөмкешелер мен әсемдік бұйымға дейін қолда бар материалдардан жасалған. Ол үшін аса көп қаражат та қажет емес. Бар болғаны босаған шырын ыдыстары мен керексіз болып қалған пакет, қапшық, гүл орайтын қағаз, таспа ленталары, қақпақтар мен целофан, т.с.с. заттар жеткілікті. Ең бастысы ұшқыр қиялың болса болғаны. Мүмкін еместі мүмкін ету сенің қолыңда. Ол үшін «Фэнтази» сән үлгілері клубына қатысып тұруды ұмытпа. Сондай-ақ табиғат әлемінде, оның ішінде адам денсаулығында үлкен орын алатын бөлме өсімдіктерін өсірумен

айналысатын «Белая лилия» клубының гүл өңдеу лабораториясында 300-ден астам түрлі гүлдер өсірілуде. Орталықтың 2-қабатындағы «Қысқы бақ» нағыз ертегі бағы десем артық айтпаған болар едім. Қысы жазы жап-жасыл болып жайқалып тұратын бұл бақ үлкен күтімді талап ететіні кім-кімге болса да белгілі. Ал осы «Белая лилия» клубына жетекшілік ететін Ольга Ивановна әрбір гүлмен жеке тіл табысады. Және өсімдік әлемінің сырларын клуб мүшелерімен бөліседі.

Сондай-ақ оқушылар мен жасөспірімдердің бос уақытының қызықты өтуіне себепші түрі бұрыш, яғни зоологиялық клуб жұмыс жүргізеді. Онда адамша сөйлей алатын тотықұстан бастап, канарейка, теңіз тасбақасы, құрғақ тасбақа, хомяк, ақ тышқан, саршұнақ, суыр, кірпілер мен алтын сом, т.б.бес түрлі балықтар мекен етеді.

***Дереккөз:*** *Арқалық қаласы [Мәтін] : // Детская энциклопедия. Ред.:Е. С. Цвентух.Том Аркалык – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 9 – 52.*



«Жас ұлан» ұйымының бұрынғы ғимараты



Ғимараттың қазіргі сыртқы көрінісі

## «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы жайлы газет бетінде


ОБРАЗОВАНИЕ, КУЛЬТУРА, МЕДИЦИНА

АРКАЛЫК СПОРТИВНЫЙ

Арқалық хабары. 2011жыл. 4 қараша

## Кітапхана қорынан




**Дереккөздер**

1.Арқалық қаласы  [Мәтін]: // Детская энциклопедия. Ред. Е. С. Цвентух. Том

Аркалык – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 9–52.

2. Айтмагамбетова А. «Арқалық – 60» / А. Аймагамбетов, Ж.Таткенова. – «Издательский дом» ЖШС. – Қостанай; 2016. – 152 б.

3.Васильев, В. Госзаказ, как эффективный механизм реализации молодежной программы [Текст] : [о заседании Совета по делам молодежи при акимате Аркалыка] / В. Васильев // Торғай. - 2013. - 4 октября - С. 2..

4. Есмаганбетов, Кайрат. Вошли в Большую международную энциклопедию [Текст] : [пять педагогов из ДЮЦ вошли в БМЭ] / К. Есмаганбетов // Торғай. - 2015. - 20 наурыз. - С. 8.. Фото педагогов есть на 8-й с.

5. Жаналин, А.Воспитывая умение видеть красоту [Текст] : [о фотоконкурсе "Мой край родной", организованном ДЮЦ "Жас улан"] / А. Жаналин // Арқалық хабары. - 2008. - 10 октября. - С. 1..

6. Жаналин, А. ЧП с отсрочкой в двадцать лет [Текст] : [обрушение крыши спортивного зала детско-юношеского центра "Жас Улан"] / А. Жаналин // Арқалық хабары. - 2010. - 18 июня. - С. 2, 11..

7. «Жас Улану» – 10 лет! [Текст] : [новости от общественного объединения «Городской детско-юношеской организации «Жас Улан»] / материалы полосы подготовил Виталий Саяпин // ARQALYQ habary. - 2021. – 31 декабря. – С. 5.

8. «Жас-Улан» – школа лидерства и патриотизма [Текст] : [новости от общественного объединения «Городской детско-юношеской организации «Жас Улан»] / по материалам пресс-релиза ДЮЦ «Жас Улан» // ARQALYQ habary. - 2021. – 8 октября. – С. 5.

9. Нуртазин, Абылкарим. Возвращение к истокам [Текст] : [о проекте ДЮЦ "Живи, родник!"] / А. Нуртазин // Торғай. - 2010. - 26 февр. - С. 3..

10. Планета Жасулания [Текст] : [проект "Живи, родник" Детско-юношеского центра "Жас-Улан" г. Аркалыка завовал специальный грант в областном конкурсе "Ауылым-алтын бесік"] // Арқалық хабары. - 2009. –
1мамыр. - С. 1..

11. Сакаупова, Б. От школьного проекта к международному [Текст] : [в ДЮЦ "Жас улан" прошел семинар-практикум, на котором представители школ региона защищали свои проекты] / Б. Сакаупова // Арқалық хабары. - 2008. –
12 декабря. - С. 5..

12. Сакаупова, Б. Школа лидерского мастерства "Жалын" [Текст] :

[о клубной работе с детьми в ДЮЦе] / Б. Сакаупова // Арқалық хабары. - 2014. - 14 февраля. - С. 5..

13.Саяпин, Виталий. Незабываемое путешествие в сказочный мир [Текст] : [традиционная Елка акима города] / В. Саяпин // Арқалық хабары. - 2016. - 30 желтоқсан. - С. 1..

14.Территория мечты [Текст] : [ДЮЦ "Жас ұлан" признан лучшим по Костанайской области] // Арқалық хабары. - 2007. - 19 окт. - С. 1..

15.Торғай елі энциклопедия. Таңатқан Рсаев. Алматы «Арыс» баспасы, – 2013. – Б. 57, 404-405

**Мазмұны**

1. Құрастырушыдан.....................................................................................3
2. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы................................4-6
3. «Жас ұлан» ұйымының бұрынғы ғимараты ..........................................7
4. Ғимараттың қазіргі сыртқы көрінісі.......................................................7
5. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы
   жайлы газет бетінде.................................................................................8
6. Кітапхана қорынан...................................................................................9
7. Дереккөздер..............................................................................................10-11

**Шығ. жауапты:   Ж. К. Абжанова**
**Құрастырушы:  М. Г. Жумагалиева**
**Редакторы:  С. А. Алматова**

**Басуға 22.12.2025 ж. қол қойылды.**
**Қаріп түрі:  Times New Roman.**
**Басылымның көлемі: 3**
**Таралымы: 3**

Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru